Фольклор өзге ғылым салалары сияқты жанрлық тұрғыда бірнеше түрге бөлінеді. Оларды парықтап өтсек: ғұрыптық фольклор, ғибраттық фольклор, прозалық фольклор. Аталған салалардың ішінде прозалық фольклордың алар орны ерекше. Прозалық фольклор – халық ауыз әдебиетінің шоқтығы биік жанры. Оның өн бойынан халықтық сипатты да, ұлттық код пен ділді де кезіктіруге әбден болады. Фольклордың бұ үлгісі баяндау формасында айтылып, ауыздан ауызға тарағандықтан оны «Прозалық фольклор» деп атау фольклористика ғылымында кеңінен қалыптасқан заңдылықтардың бірі. Прозалық фольклордың тарамдарына: миф, хикая, аңыз, әфсана жатады. Біздің қарастыранымыз – миф. Миф – алғашқы дүниетанымдық түсініктердің схоластикалық синтезі. Миф – прозалық фольклордың субстанциясы. Қазақ мифологиясын зерттеумен: Ш.Уәлиханов, Ә.Қоңыратбаев, С.Қондыбай, С.Қасқабасов, Ш.Ыбраев, Р.Әлмұқанова және т.б бірқатар ғалымдар айналысты. Әр фольклортанушы-ғалым мифке сипаттама беріп қана қоймай, мифтік кейіпкерлердің диахрондық образын ашуға тырысқан болатын. Мәселен, Еуропа мен Азияның жәдігері, ұлы кеменгер тұлға – Ш. Уәлиханов өзінің ғылыми мақалаларының бірінде қазақтың шамандық қалдығына сілтеме жасай отырып, жағымсыз кейіпкерлердің мотив-суреттемесіне айқын дәлелдер келтірді. Ғұлама ғалым қазақ мифологиясында мыстанның бірнеше түрі болатындығын ескертті. Атап айтқанда, Мыстан, Жезтырнақ, Сөрел, Көнаяқ, Албасты, Жалмауыз. Мифология кеңістігіне құлаш сермеген – Серікбол Қондыбай ағамыздың көзмайын тауыса жазып, мұқым әдебиетшілерді тамсандырған – Арғықазақ мифологиясы атты еңбегін біз қазақ фольклористика ғылымына қосқан өлшеусіз үлесі деп білеміз.

Мифологияның бірсыпыра теориялық мәселелеріне терең бойлаған – Әлмұқанова Риза Тасқынғалиқызы «Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар» атты көлемді монографиялық еңбегінде қазақ мифологиясындағы кейіпкерлердің образдары әлі де зерттеуді қажет ететіндігін айтқан еді. Ғалымның тұшымды пікірі бүгінде фольклортану ғылымының басты объектісіне айналды[1]. Мифтік кейіпкерлердің жүйеленуі – қазіргі қазақ фольклортану ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі. С.Итеғұлованың құрастыруымен 2016 жылы «Қазақ мифтік кейіпкерлі» атты көлемді еңбек жарық көргеннен кейін мифологиялық кейіпкерлерді классификациялау мәселесіне аса көңіл бөлінген жоқ. Әрине, қасаңданып қалды деуден аулақпыз. Дегенмен, жоғарыдағы мәселені ескере отыра, біз мифтік кейіпкерлерді жүйелеу жұмысын қолға алуды жөн көрдік. Мифтік кейіпкерлерді топтастырмас бұрын, ең алдымен миф және оның жанрлық түрлеріне біраз шолу жасап өтерлік. Көрнекті ғалым Шәкір Ыбраев «Қазақтың мифтік әңгімелері» атты еңбегінде мифті үш топқа бөліп саралайды: Космологиялық мифтер, Эсхатологиялық және Антропгондық мифтер. Космологиялық мифтер өз атауы айтып тұрғандай, шоқжұлдыздар мен аспан денелері жайында жазылған мифтік әңгімелердің ерекше жанры. Эсхатологиялық миф деп, ақыр заман көрінісін сипаттайтын мифтерді айтса, ал Антропгондық мифтер – классикалық дәрежеге жеткен мифтік әңгімелерді пайымдайтын жанр болып табылады. Осы тұста әрбір мифтік жанрдың өзіне тән мифтік қаһармандары болатындығын айтқымыз келеді. Мифтік кейіпкерлерді жүйелеудің де өзіндік айқындалған заңдылықтары барын ұмытпағанымыз жөн. Мәселен, мифтік кейіпкерлерді топтастырудың бірден-бір функциясы – табиғи жаратылысы мен тектік сипатын ашу. Әлемдік фольклорда мифтік кейіпкерлерді «Жағымды» және «Жағымсыз» деп бөлу қалыптасқан. Қазақ халық ауыз әдебиетінде оларды «Жақсы» және «Жаман» дейді. Біздіңше, мифтік кейіпкерлерді жақсы мен жаманға бөлу – қате концепция. Өйткені, адам баласының өзінде де жақсы да, жаман қасиеттер бірдей жүретіндіктен, мифтік кейіпкерлерді «Жағымды» һәм «Жағымсыз» деп бөлгеніміз әлдеқайда дұрыс болатын сықылды. Әлқисасы, мифтік кейіпкерлердің бойынан трайбализмдік сипатты емес, экзистенциялық мұратты іздеген жөн. Сондықтан, жоғарыдағы мәселені ескере отыра біз мифтік кейіпкерлерді жіктеген болатынбыз:

Жағымды мифтік кейіпкерлер: Ер Төстік, Толағай, Сакқұлақ, Көлтауысар, Таусоғар, Қаңбақ шал, Күнекей сұлу, Қанатты барыс, Үркер, Үлпілдек, Самұрық, Қыдыр ата, Қорқыт ата және т.б.

Жағымсыз мифтік кейіпкерлер: Мыстан, Жалмауыз, Жезтырнақ, Албасты, Көнаяқ, Сөрел, Жылан бапы хан, Шойынқұлақ, Қыранқара қарақшы, Төбе көз, Дәу, Үббе және т.б.

Тәңірлік образдар: Көк Тәңір, Ұмай ана, Еркілік.

Тотемдік кейіпкерлер: Көк бөрі, Өгіз, Ит тотемі.

Шамандық кейіпкерлер: Бақсы-балгерлер.

Космо-антропологиялық кейіпкерлер: Қыранқара, Үркер, Үлпілдік, Ығай мен Сығай (Ағайындылар), Айсұлу мен Күнсұлу.

Зооморфоантропологиялық кейіпкерлер: Самұрық.

Зооморфтық немесе анархизмдік кейіпкерлер: Төбе көз, Дәу, Жер, Көк, Тау, Теңіз (Оғыз Қағанның балалары).

Тератологиялық кейіпкерлер: Жалмауыз, Мыстан, Жезтырнақ, Албасты, Көңаяқ, Сөрел, Төбекөз, Дәу, Үббе (Су перісі), Жылан Бапы хан, Шойынқұлақ, Бекторы.

Демонологиялық кейіпкерлер: Жалмауыз, Мыстан, Жезтырнақ, Албасты, Көңаяқ, Сөрел, Жын, Шайтан, Ібіліс, Пері, Дию.

Мифологиялық қаһармандар: Қорқыт ата, Қыдыр ата, Ер Төстік, Толағай, Көлтауысар, Таусоғар, Саққұлақ, Желаяқ.

Енді жоғарыда келтірген жіктеуімізді түсіндіруге рұқсат етіңіздер. Біріншіден, мифтік кейіпкерлерді табиғи болмысына қарап «Жағымды» және «Жағымсыз» деп бөлдік. Екіншіден, Қазақтың архаикалық мифтерін қарастыра отырып, мифтік образдарды «Тотемдік», «Космологиялық», «Зооморфтық», «Демонологиялық» деген бірнеше топқа ажыраттық. Ең алдымен, тәңірлік бейнелерге тоқталайық. Әлемнің жаратылуы туралы мифтер әр халықта бар. Қазақ мифологиясында жеті қат жерді жаратқан Көк Тәңір, оның жары Ұмай бейнесі жайында түрлі мифтер қалыптасқан. Сол себептен, мифтік түсінік бойынша, Тәңірлік образдарға: Көк Тәңірді, Ұмай ананы, Еркілікті жатқыздық. Әрине, Еркілік моңғол фольклорының кейіпкері. Алайда қазақ халық ауыз әдебиетінде қалыптасқан мифтер мен аңыз-эпосаларға қарап, біз Еркілікті қазақ фольклорына, оның ішінде шамандық кейіпкерлердің қатарына жатқызуды ұйғардық.

Тотемдік кейіпкерлер. Әуелбек Қоңыратбаевтің «Қазақ фольклорының тарихы» еңбегіндегі пікірге сүйенсек, Тотем – дүниедегі барлық жан-жануарлардың, құбылыстың иесі барын ұғынушылық деген мағынаны білдіреді. Бағзы замандарда адам табиғаттан дараланбай тұрған кезде әрбір нәрсенің жаны, пірі болатынына сенген. Энолит дәуіріне тірелетін бұл кезеңде адамдардың жыртқыш аңдардан қорқуы мен оларға табынуы – тотемнің айқын көрінісі болмақ. Трайбализмнің теория тұрғысынан, жер бетіндегі әрбір ру-тайпаның сиынатын заттары тотемге айналған. Мәселен, қазақ фольклорында бұндай тотемдерге: Көк Бөрі тотемі, Өгіз тотемі, Ит тотемі жатады. Анаеркі кезеңінде туған тотемдердің бірі – Ит тотемі. Шамамен, біздің дәуірімізге дейінгі IV-IV ғасырларда Орта Азия халықтарында Ит тотемі – культ болып саналған. Бұл жайында Әуелбек Қоңыратбаев мынандай құнды деректер келтіреді: Ит тотемінің екі сатысы байқалады: алғашқысы жерлеу сатысымен байланысты болса, соңғысы ит отбасының құтына айналған [3, 69 б]. Шынында, жеті қазынаның құрамдас бөлігіне айналған – Ит тотемінің қазақтың антикалық мифтерінде болуы заңды құбылыс. Келесі Өгіз тотемі – скептицизмдік сананың сәл де болса жаңғырған уақытында пайда болған тотем. Аталмыш тотемнің туына – өгіз бен әйелдің жақындасуы себепкер болды деген де пікірлер баршылық. Мәселен, ғалым Әуелбек Қоңыратбаев: Өгіз тотемі бүкіл жер жүзінде халықтарға ортақ. Қол бала болған алғашқы түлік сол болса керек. Мысалы, халқастар аңызында оның тегі куку бұға (Көк өгіз), соның әйелге жақындасуынан моңғолдар тарапты-мыс [3, 70 б]. Ғұламаның пікірінде астарлы шындық барын біз «Оғыз Қаған» жырына талдау жасағанда білдік. Мысалы, жырдан үзінді келтірсек: *Күндерді бір күні Айқағанның көзі жарыды, босанды. Еркек бала туды. Осы баланың өңі, шырайы көк еді, ауызы оттай қызыл еді, көздері қаракер, шаштары қастары қара еді. Жақсы тектілерден көріктірек еді... Осы ұлдың аяғы өгіз аяғындай, белі бөрі беліндей, жауырыны бұлғын жауырындай, кеудесі аю кеудесіндей еді. Денесінің бәрін түгел түк басқан еді.* Көріп тұрғанымыздай, Оғыз Қағанның сыртқы мотив-суреттемесі бізге өгізден тарағандығын, әкесі – Көк Өгіз болуы мүмкін екендігін айғақтайды. Сонымен қатар, Оғыз Қаған жырында да Көк бөрі тотемі бар. Оғыздың әр жорығында жол сілтеушісі – Көк бөрі болғаны баршамызға аян.

Тотемдік кейіпкерлерден кейінгі образдар – шамандық кейіпкерлер. Шамандық дегеніміз – әлемдік дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлгендердің рухын қастерлеу, аруағын ардақтау, – деп Шоқан Уәлиханов айтқан пікірді алға тартып, біз шамандық кейіпкерлерге: бақсы-балгерлерді сынды образдарды жатқыздық.

Космо-антропологиялық кейіпкерлер. Космологиялық түсініктер қазақтардың көшпелі өмірінің ажырамас бөлігі болғаны айдан анық. Бағзы заманда қазақ халқы жолдың уақытын жұлдыздарға қарап өлшегені баршамызға белгілі. Міне, сондықтан, космологиялық образдар – қазақ фольклорында ерекше қызмет атқарады. Космологиялық мифтердің шығу тегі түсінікті болғанымен, ондағы қаһармандардың қандай кейіпкерлерге жататыны көпті толғандырады хақ. Оның үстіне, олар табиғи құбылыстар болғандықтан мифтік кейіпкерлер қатарына жатқызу дұрыс па деген сауал туындайды. Алайда қазақ мифтерінде жұлдыздардың адамға, я болмаса, керісінше адамдардың жұлдызға құбылуы мотивтері жиі кездесетіндіктен, біз бұндай мифтік кейіпкерлерге «Космо-антропологиялық» атауын айдар қылып

тақтық. Тұмар болып тағылған атауға қазақ фольклорында лайық кейіпкерлер: Қыранқара, Үркер, Үлпілдік, Ығай мен Сығай (Ағайындылар), Айсұлу мен Күнсұлу.

Зооморфоатропогондық кейіпкерлер және Зооморфтық немесе анархизмдік кейіпкерлер. Зооморфтық дегеніміз, жануар мен адамның байланысынан дүниеге жаңа тіршіліктің келуі немесе туылуы болып табылады. Жануармен жақындасу сарыны – әлем халықтарына ортақ мотив. Қай халықтың мифін алып қарастырсақ та, біз жануармен адамның некесінен туған мифтік кейіпкерлерді көреміз. Тотемдік сана байырғы қазақ жұртының өмірінде өзінің империалистік үстемдігін ұтымды жүргізе білді. Осылайша, жануармен некелік конвенцияға отыру – қазақ халық ауыз әдебиетінде қалыпты құбылыстардың біріне айналды.

Зооморфтық кейіпкерлер тек жануардың қабырғасынан жаратылып қоймай, өзге тіршілік иелерінің адаммен некелесуінен де пайда болады. Мәселен, Қорқыт ата кітабының «Бейсат» жыры бөлімінде Пері қызына ғашық болған хан жайында айтылады. Кейін олардың некесінен дүниеге түрі ұсқынсыз, жалғыз көзді «Төбекөз» келеді. Бұл да зооморфизмнің бір сипаты. Қазақ фольклорындағы зомморфтық кейіпкерлерге: Төбе көз, Дәу, Жер, Көк, Тау, Теңіз (Оғыз Қағанның балалары).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар / Риза Әлмұқанова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2009. – 320 бет.
2. Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Құрастырып, түсініктерін жазған М. Құмарова. – Алматы: Жазушы. – Тақырып алдында: Қазақ ССР Ғылым академиясы М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Т. 3: Батырлар жыры / Жауапты шығарушы Ж.Әбішев. –1987. – 304 бет., суретті.
3. Қазақ фольклорының тарихы (Құрастырып, алғысөзін жазған – Ә.Қоңыратбев). – Алматы, Ана тілі. 1991. – 288 бет.
4. Қазақтың мифтік әңгімелері. «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002. – 320 б.
5. Курманаева, А.Ж. Фэнтези жанрының қазақ фольклорындағы байырғы көріністері / Алтыншаш Курманаева, Ерболат Баятұлы // Молодой учёный. – 2021. – № 11 (353). – С. 253-255.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУ

МАХАМБЕТИЯР Жайнағұл Данағұлқызы
«Шығармашылық Академиясы» МКҚК
Ақтөбе, Қазақстан

Еліміздің тәуелсіздік алған жылдар ішінде егемен еліміздің, қоғамымыздың әлеуметтік-саяси және басқа да салаларында түбегейлі өзгерістер болып жатыр. Соның бірі-білім беру саласы. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең жауапты, маңызды іс болып қала береді. Сондықтан мемлекетіміздің даму, жаңару жолындағы жаңалықтар мен түрлі өзгерістер еліміздің білім беру саласында да өз әсерін тигізуде.

Бүкіл әлемдік білім беру кеңістігіне ұмтылыстар, қоғам дамуында қалыптасып отырған жаңа жағдаяттар, тыңнан туындаған мәселелер, өзгеріп жатқан өмірге бейімделу қажеттілігі туындап отыр. Осыған мемлекетімізде білім беру мен жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлінуде. Соның бірі – Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының жариялануы болса, Президентіміз Н. Назарбаевтың «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру-мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына жолдауында да білім беруге үлкен мән беріліп отыр.

Қазіргі кезеңде Республикамызда қосымша білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Қосымша білім беру жүйесі - үздіксіз білім берудің ажырамас бөлігі, салауатты өмір салтын қалыптастыруға, жеке тұлғаны өздігінен дамытуға, шығармашыл, дарынды балаларды анықтауға, оларға қолдау көрсетуге және балалардың құқықтарын қорғауға бағытталған көп деңгейлі білім жүйесі.

Балаларға қосымша білім берудің құндылығы жалпы білімдегі вариативтік құрауды күшейтеді және балалардың өзін-өзі кәсіби деңгейде ұстауға, мектептің базалық компонентінде алынған олардың білімін, күшін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде қосымша білім беру мектептен тыс ұйымдардың бірегей жүйесін сақтау және дамыту, жеке тұлғаны тәрбиелеу, оқыту және шығармашылық дамытуда олардың рөлін арттыру мақсатында ұйымдастырылады. Балаларға қосымша білім беру мазмұны, оны ұйымдастыру түрі, әдістері мен технологиялары сапасын көтеру, педагогикалық шығармашылық жұмысты бағдарлы түрде ұйымдастыру көзделген. Қазақстандағы қосымша білім беру жүйесі білім беру кеңістігінің ең динамикалық және дамушы құрамды бөлігі болып табылады, ол стандартты жүйеге қарағанда ерекше ашық және еркін дамуды қалыптастырады. Балаларға қосымша білім беру – білім алушылардың білім алу қажеттіліктерін жан-жақты қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі, үздіксіз білім жүйесінің ажырамас бөлігі. Балалардың қосымша білім беру жүйесі – салауатты өмір салтын қалыптастыру, жеке тұлғаны өздігінен дамыту, шығармашыл дарынды балаларды іздеу, қолдау көрсету және дамыту, өскелең ұрпақ тәрбиесіне және олардың дарындылығын дамытуға, балалардың құқықтарын қорғауға назар аударуды күшейтуге бағыттауға негізделген.

Әр адам бос уақытын өзінше бір нәрсеге арнайды. Бірақ, бос уақытты ұтымды етіп өткізу әлдеқайда тиімді. Дұрыс тиімді ұйымдастырылған бос уақыт – олардың рухани өмірін, көзқарасын толықтырылуын қамтамасыз етеді. Баланың бос уақытын оның өз қалауымен өткізуге ат салысу, оған аса мән беру – қазіргі таңның басты мақсаты саналуы тиіс. Бүгінгі таңда жаңа білімді адамды қалыптастыру барысында қосымша білім беру мекемелеріндегі үйірме жұмыстары күннен-күнге ұлғая түсуде. Мектептен тыс орталықтарда жүргізілетін тәрбие жұмыстары, сабақ үстінде жүзеге асыратын тәрбие жұмысын толықтыра және тереңдете отырып, ең алдымен балалардың таланттары мен қабілеттерін неғұрлым толық ашудың, олардың бір нәрсеге қызығушылығы мен ынтасын оятудың құралы ретінде қызмет атқарады, ол оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың және олардың адамгершілік мінез құлыққа жаттығуын ұйымдастырудың формасы болып табылады.

Біріншіден, оқудан тыс әр тарапты әрекет баланың сабақта мүмкін болмайтын жан – жақты дара қабілетін ашуға ықпал етеді.

Екіншіден, сыныптан тыс әр түрлі үйірме жұмысының түрімен айналысу баланың жеке әлеуметтік тәжірибесін жандандырып, жетілдіреді, оның адамзат құндылықтарына негізделген білімдерін байытып, қажетті практикалық іскерлігі мен дағдысын қалыптастырады.

Үшіншіден, сыныптан тыс түрлі тәрбие жұмысы оқушыларда әрекеттің әртүріне қатысты қызығушылығының дамуына, оған белсенді қатысуға деген құлшынысын тәрбиелеуге нәтижелі ықпал етеді. Егерде балада еңбекке деген тұрақты қызығушылық және белгілі бір практикалық дағды қалыптасқан болса, онда ол өз бетінше тапсырманы нәтижелі орындауды қамтамасыз ете алады.

Қосымша білім беру ұйымдары қызметінің басты ерекшелігі мынада:

Балалар мен жасөспірімдерді өз еркіне қояды және мұнда адамның өзін-өзі жан-жақты көрсетуіне толық мүмкіндік беріледі, сонымен қатар балалар білім алу бағытын, жүйесін, деңгейін және соңғы нәтижені өздері таңдайды. Бұл ерекшелік қосымша білім беру ұйымдарының білім беру жүйесіндегі шығармашылық қарым-қатынасты, педагог пен баланың немесе педагогпен қосымша білім беру ұйымдарының бірлескен іс-әрекетін белсенді және қарқынды жаңа педагогикалық технологиялық оқыту әдістемесін үнемі үйлестіріп отырудың қажеттілік екенін айқын көрсетеді;

Педагогпен бірлесе отырып жасаған шығармашылық тапсырмаларды шешу білім алу процесіндегі психологиялық құрылымды өзгертеді немесе екі жақтың әрекеттесуі, қарым- қатынас жасауы, барлық қатысушылардың бір-бірімен тығыз байланысты болуы әр баланың ішкі стимуляциясының оянуына әкеледі;

Қосымша білім беру ұйымдары өзі қызмет көрсететін жердегі тұрғындардың мәдени-ағарту жұмыстарындағы өзара әрекеттік сипатын ашуға да септігін тизізеді. Қосымша білім беру ұйымдарға тән өзіндік ерекшеліктер мұндағы жұмыстарға балалар мен жасөспірімдердің өз еркі және талғамы бойынша қатысуын қамтамасыз ете алады. Мұндағы педагогикалық әсерге әртүрлі кәсіп және жас деңгейіндегі адамдар тобы мүдделерінің бірлігінің қалануы мен жұмыс мазмұндарының алуан түрлілігін, оның формалары мен түрлерінің көптігін де жатқызуға болады.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқа да білім беру орындарымен бірлесе бірінғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандырады;

білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйретеді;
балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйретеді;

өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйретеді;

жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйретеді;

баланың дамуы мен дербес сана- сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқа да білім беру орындарымен бірлесе бірыңғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыратын;

білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйрететін;

балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйрететін;

өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйрететін;

жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйрететін;

баланың дамуы мен дербес сана- сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Қосымша білім беру жүйесінде қатаң регламент жоқ, бірақ балалар мен ересектер арасындағы еркін сыйластық қарым – қатынас, шығармашылықпен айналысуға және жеке тұлға болып қалыптасуына жасалған жағдай жеке тұлғаға бағытталған технологияларды іс жүзінде пайдалануға мүмкіншілік береді.

«Технология» деген сөз грек тілінен аударғанда «techno»- өнер, шеберлік және «logos» – ғылым, заң, яғни шеберлік туралы ғылым. Оқу технологиялары оқу қызметінің негіздеріне бөлінеді: олар репродуктивтік қызмет (дәстүрлі) және продуктивті (ізденістік).

Репродуктивті қызмет. Дәстүрлі оқыту белгілері : оқушыға білім дайын күйінде ұсынылады; оқытушы мұғалім түсіндіреді, айтады; оқушылар білімді түйсікті игереді, оларды ұғып, есте сақтайды. Білімді бірнеше рет қайталау тәсілі мықты ұғынуды қамтамасыз етеді.

Продуктивті, яғни өнімді, ізденісті іс – әрекет оқушылардың жаңа білімді өздігінен алуға бағытталған. Бұл жерде педагог тек бағыт беруші болады. Өнімді (продуктивті) іс – әрекет негізі тек өзіне тән белгілермен айқындалады: оқушыға білім «дайын» күйінде берілмейді, оны өз беттерімен табуы қажет.

Педагогтің басқаруымен оқушылар өз беттерімен бейтаныс тапсырмаларды, күрделі жағдайларды шешеді, талдап, салыстырады. шешім шығарады, нәтижесінде оларда айқындалған білім негізі қалыптасады.

Топтық жұмыс, жекелеген ізденіс жұмыстары, модульдік технологиялар, тірек сызбалары сияқты технология элементтері бұрыннан таныс. Қазіргі кезде осы және басқа да технологиялар әсіресе қосымша білім беруді кеңінен қолданылып жүр. Сонымен, жеке тұлғаға бағытталған технологиялардың мақсаты – баланың өз өміріндегі тіршілігі, тәжірибесін пайдалану негізінде, оның жеке танымдық қабілеттерін барынша жоғары деңгейде дамыту.

Осы технологияға сәйкес әр балаға жеке оқу бағдарламасы құрылады. Бұл бағдарламаның басқа оқу бағдарламасынан ерекшелігі, осы оқушыға тән мінездемелерге негізделген, оның мүмкіншілігіне, және даму динамикасына бейімделген (мысалы дарынды балалармен, мүгедек балалармен жұмыс, оқу бағдарламасына жеке оқуды енгізуге болады.)

Жеке тұлғаға бағытталған оқу технологиясында барлық оқу жүйесінің орталығы – бала тұлғасының жеке ерекшелігі, сондықтан осы технологияның негізін дифференциация және жеке оқыту құрайды.

Дифференциация – латын тілінен аударғанда бүтін, тұтастың әр түрлі бөліктерге, түрлерге бөлінуін білдіреді.

Жеке оқыту – балаларға қосымша білім берудің принциптік, қағидалық негіздемесі. Қосымша білімде пайдаланылатын жеке тұлғаға арналған іс – әрекеттер оның негізгі ерекшелігі болып саналады.

Жеке оқыту технологиясы (бейімдеу) – бұл әр баламен жеке жұмыс жасау әдісі басқа әдістерге қарағанда басымдырақ әдіс болып табылады. Балаларға арналған қосымша білім беру

мекемелерінде тәрбиеленушілердің мүмкіншілігі және жеке қабілеттерін анықтаудың бірнеше түрі қолданыла алады:

1. Біркелкі (жынысы, жасы, әлеуметтік деңгейі) бойынша оқу топтарын жинақтау.
2. Бағыты бойынша толық топ жинақталмаған жағдайда топтың ішінде әр түрлі деңгейде оқыту үшін шағын топтарға бөлу (дифференциалдық оқыту).
3. Жоғарғы буын топтарында бастапқы кәсіптік және кәсіпке дейінгі дайындық, кәсіптік оқу(экономика, бейнелеу өнері, дизайн т.б).

Жеке оқытуда ең бастысы – әр баланың мүмкіншілігіне, қабілетіне қарай оқу мазмұнын, түрін, әдісін бейімдеуге болады. Оның жетістіктерін бақылап, қажетті түзетулер(коррекция) енгізуге мүмкіндік туады. Оқушыға бұл уақыт үнемдеуге, өзінің шығындарын бақылауға, табысты болуына мүмкіндік береді.

Топтық технологиялар біріккен іс – әрекеттерді, өзара байланысты, қарым – қатынасты, өзара түсінушілікті, өзара көмекті, өзара түзетуді ұйымдастыруды болжайды. Қазіргі заманғы қосымша білім беруде топтық технологиялар іс жүзінде кең пайдаланылады. Топтағы ұжымдық қызмет деңгейін бөліп айқындауға болады: барлық топпен бір мезгілдегі жұмыс; жұптармен жұмыс; дифференциация қағидаларындағы топтық жұмыс

Топтық технология ерекшеліктері – берілген тапсырмаларды шешіп, орындау үшін топ шағын топтарға бөлінеді. Әр баланың еңбегі көрінетіндей тапсырмалар беріледі. Топтың құрамы мақсатына байланысты өзгеруі мүмкін.

Топтық жұмыс уақытында педагог бақылайды, сұрақтарға жауап береді, дауларды шешеді, көмек көрсетеді.

Оқыту динамикалық топтарда бір – бірімен қарым – қатынас жасау тәсілімен бір – бірін оқыту арқылы атқарылады. Жұптардың бір бірімен ауысып жұмыс істеуі оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауын және жан – жақпен қарым – қатынаста болуын дамытуға ықпал етеді.

Топтық технология балаларға қосымша білім беруде кең тараған технология. Кез – келген үйірме сабағында жүзеге асыруға болатын тиімді, қолжетімді әдістердің бірі. Ашық сабақтарда, танымдық сағаттар, диспуттар мен тренингтерде топтық технология кеңінен қолданылады.

Қосымша білім беру жүйесінде ұжымдық шығармашылық қызмет технологиясы табысты қолданылады.

Бұл технология балалар мен ересектердің біріккен қызметін ұйымдастыруды қарастырады, ұжымның барлық мүшелері әр істің жоспарлануына, атқарылуына және қолданылуына қатысады.

Мұғалім компьютерлік технологияларды кез келген сабақта және оның түрлі кезеңдерінде қолдануына болады. Ақпараттық технологияны пайдаланып оқыту төмендегідей мақсаттарды көздейді:

Ақпараттық технологияны білім деңгейін тексеру бағытында қолдану;

Мұғалімнің оқытушылық мақсатында қолдануы;

3.Компьютерді мультимедиялық мүмкіндіктер арқылы көрнекі құрал ретінде пайдалану;

Электрондық оқулықтармен интернетті пайдалану.

Оқу үрдісінде компьютерді пайдалану оқушылардың өзіндік жұмыстарын ақпараттық – әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етуге, елеулі өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді. Олардың баяндама, реферат жазғанынан презентация жасағаны тиімді, себебі, презентация жасау барысында олар алған материалдарын жүйелеп, негізгісін, тақырыптың өзекті жерлерін бөліп алады. Бұл дағды оқушының логикалық ойлауын, шығармашылықпен, ақпаратпен жұмыс жасауын қалыптастырады. Оқушылардың шығармашылық жоба жазуына да ақпаратпен жұмыс жасауына көмегін тигізеді.

Қосымша білім беру ұйымының басты мақсаттарының бірі – балаларға қосымша білім беруді ұйымдастыру барысында әр баланың бойындағы шығармашылық қабілетін оятып, еңбек етуге, өнерде алғашқы қадамдарын жасауға үйретуге ұмтылу. Қосымша білім беру педагогының маңызды міндеттерінің бірі – жеке шығармашыл тұлға тәрбиелеу.

Ертедегі гректер ішкі және сыртқы даму туралы ой қозғаған. Олардың айтуынша еркін адам ең алдымен саясаттан хабары болуы керек, онсыз ол өз отанының патриоты бола алмайды. Екіншіден, көрікті және дені сау болуы үшін спортпен айналысуы керек. Үшіншіден, ол өнер адамы болуы керек.Әлемді танып – білуі үшін саяхатшы болуы керек. Балалық шақ-әр адамның алтын уақыты. Бұл уақыт дұрыс, түзу тұлға жасау үшін нағыз дұрыс кезең. Қосымша білім беру ұйымы қызметінің жалпы білім беретін оқу орындарынан ерекшелігі мен артықшылығы оқыту мен тәрбиелеу, баланың шығармашылық қабілетін дамыту, мектептен алған білімін толықтыру, бос уақытын ұйымдастыру, болашақтағы мамандығына кәсіби бағдар беру жұмыстарын бір үрдіске біріктіруге мүмкіндігі бар.

Қосымша білім беру ұйымдары өзі қызмет көрсететін жердегі тұрғындардың мәдени-ағарту жұмыстарындағы өзара әрекеттік сипатын ашуға да септігін тизізеді. Қосымша білім беру ұйымдарға тән өзіндік ерекшеліктер мұндағы жұмыстарға балалар мен жасөспірімдердің өз еркі және талғамы бойынша қатысуын қамтамасыз ете алады. Мұндағы педагогикалық әсерге әртүрлі кәсіп және жас деңгейіндегі адамдар тобы мүдделерінің бірлігінің қалануы мен жұмыс мазмұндарының алуан түрлілігін, оның формаларымен түрлерінің көптігін де жатқызуға болады.

Сонымен елімізде білім беру жүйесінде болып жатқан оң өзгерістер қосымша білім берудің, оның негізгі субъектісі мектептен тыс ұйымдар қызметінің өзектілігін арттыра бермек. Өйткені қосымша білім беру ұйымдары жалпы білім беретін мектептермен, басқада білім беру орындарымен бірлесе біріңғай үздіксіз білім беру жүйесін құра отырып:

балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандырады;

білім мазмұнын белсенді және іскерлікпен меңгеруге үйретеді;

балаға өзіндік өмірлік тәжірибесін талдап қорытып, оның қалыптасқан құндылық жүйелерімен ара қатынасын ажырата білуге үйретеді;

өз ісіне баға беруге, сөйтіп өз мінез-құлқын қалыптастыруға үйретеді;

жаңа ғылыми білімдерді және олардың айқын тенденцияларын ажырата білуге үйретеді;

баланың дамуы мен дербес сана- сезімінің даму эволюциясын ескере отырып, білім берудің барлық түрлеріндегі мазмұн сабақтастығын сақтайтын мекеме ретінде бейімделу іс-бағыттары бойынша атқарылатын жұмыстардың жүйелі, үздіксіз жүргізілуін басшылыққа алады.

Балаларға қосымша білім беру ұйымдарының басқа білім беру орындарынан айырмашылығы онда бала басқаша білім жолын басып өтеді. Мұнда балаға қосымша ақпарат беріп қана қойылмайды, ең бастысы бала шығармашылық жұмыс істеуге тартылады. Бала адамзат еңбегінің, білімінің бірін терең игереді, оған дағдыланады. Жас ұрпақтың дара ерекшелігін ескере отырып ойлау, шешім қабылдау, қорытынды ой-пікірін білдіруін, белсенділігін, танымдық қабілетін дамытуын, өзінің шығармашылық әрекетін жүзеге асыруын қалыптастыруына мүмкіндік туғызған дұрыс. Оқушылардың қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана мақсатқа қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер

1. Е.О. Омар. Қазақстандағы мектептен тыс мекемелер: Қалыптасуы және дамуы. - Алматы: Рауан, 2003
2. Е.О. Омар. Қосымша білім беру ұйымдары тәрбие жұмыстарының негізі. – Түркістан; 2004
3. Үздіксіз тәрбиенің тұжырымдамасы. – Алматы РБК. 1998
4. Дополнительное образование детей. – М.: Изд. Центр ВЛАДОС, 2006.
5. От внешкольной работы к дополнительному образованию детей, – М.: Просвещение, 2003.

METHODS AND WAYS OF TEACHING VOCABULARY IN ENGLISH LESSONS MIRZAEVA M.A.

Polytechnic Institute of Technical University named after M.Osimi in Khujand
Khujand, Tajikistan
Mirzaeva56@mail.ru

Annotation

The problem of teaching English vocabulary is extremely relevant, as till now a good way has not been found yet, which is suitable and guaranteeing an absolute result and memorizing new words. As a rule, there are enough ways to memorize new words. And you can choose the one suitable for a particular student based on his individual characteristics. Vocabulary is one of the most important components in the system of teaching a foreign language. It is impossible to perform speech activities: listening, speaking, reading and writing without vocabulary. Thus learning new lexical units should take place in each lesson of a foreign language.

Аннотация

Вопрос обучения лексике английского языка крайне актуален, так как до сих пор не найден один хороший способ, подходящий и гарантирующий абсолютный результат, заучивания новых слов. Как правило, способов для запоминания новых слов достаточно. И выбрать подходящий для определенного студента можно, основываясь на его индивидуальных особенностях. Лексика является одним из важнейших компонентов в системе обучения иностранному языку. Без нее невозможно

производить речевую деятельность: аудирование, говорение, чтение и письмо. Это говорит о том, что изучение новых лексических единиц должно происходить на каждом уроке иностранного языка.

Learning foreign language vocabulary is a vocabulary expansion process that includes three stages:

- 1) familiarization with new material (introduction and explanation of words, phrases);
- 2) training the use of lexical units (primary consolidation);
- 3) the use of lexical units (the inclusion of words in speech activity).

For learning new words and phrases, all types of memory must be involved: visual (it is trained as a result of reading and writing words); auditory (it is developed with the perception of oral foreign language speech aurally); motor (its work is associated with the activation of the organs of speech and the written use of words) and finally logical (with its help there is a complete understanding and awareness of the material received).

Thus, it is necessary not only to get acquainted with the new lexical unit (LU), but also to illustrate its meaning in various examples and situations, so that later, if necessary, this word (phrase) could be easily used in speech.

The problem of teaching English vocabulary is extremely relevant, as till now a good way has not been found yet, which is suitable and guaranteeing an absolute result and memorizing new words. As a rule, there are enough ways to memorize new words. And you can choose the one suitable for a particular student based on his individual characteristics.

One of the famous teachers wrote that for memorizing information it is important that as many senses as possible - eyes, ears, voice, feeling of muscular movements and even, if possible, smell and taste should take part in the act of memorization. He pointed out that with such friendly assistance of all organs in the act of assimilation you will defeat the laziest memory.

Speaking about the types of memory, it should be noted that the personality type, abilities and motivation, that is, the mood for memorization directly influences on the memorization of words and phrases. Accordingly, the peculiarities of the perception of information among students must be taken into account - for example, the kinesthetic learns better when he walks, writes or types in the process of studying. The auditor should listen to more audio and video materials and the visual should study illustrated dictionaries and use the visual method.

Vocabulary is one of the most important components in the system of teaching a foreign language. It is impossible to perform speech activities: listening, speaking, reading and writing without vocabulary. Thus learning new lexical units should take place in each lesson of a foreign language and the teacher should pay due attention to the process of teaching this section of the language. Schoolchildren need to master the lexical minimum established by the school curriculum and firmly fix it in their memory so that students can easily use it as an active vocabulary in any situation.

The most frequently practiced methods in school in the process of teaching a foreign language should be considered: demonstration, explanation and exercises. Nowadays such direction as the method of technical means in teaching foreign languages is developing. Interactive methods and forms can be considered versatile, interesting and engaging. They help to make the lesson dynamic, more intense, create a positive emotional mood of students.

In connection with the above-mentioned facts, it is necessary to highlight the following methods and techniques for learning vocabulary:

“Using a dictionary”

Learning new lexical units begins with a vocabulary. Electronic dictionaries are now widely used. Their positive side is not only the superiority of books in terms of volume, but also the ability to quick search for a word or phrase (in a few seconds), a greater number of neologisms, on the basis that language is a reflection of the real life of people and their culture. In “paper” dictionaries all new vocabulary cannot be adequately reflected for the simple reason that they take too long to be developed and quickly become outdated. They do not indicate the modern meanings of old words and many new words are missing. Electronic dictionaries are characterized by frequent version changes and constant feedback from thousands of users, which is an indisputable advantage.

“Lexical games”

Such games are situational exercises in which an opportunity is created for multiple repetition of the speech model in conditions close to live communication with the corresponding signs - emotionality, spontaneity and purposefulness of the impact. Vocabulary games focus students' attention on lexical material in order to help them illustrate and practice the use of words in speech situations of communication and expand vocabulary.

Lexically directed exercises in the form of a game help to create a favorable psychological climate in the lesson, contribute to the development of students' attention and their cognitive interest.

Some examples of vocabulary games that can be used in the lesson:

“Memory game” (Games for the development of visual memory and knowledge of vocabulary)

Words or phrases that need to be consolidated are placed on the board. The teacher asks the students to turn away or close their eyes and erases one of the lexical units. Students should guess which word or phrase is missing and how to write it down correctly on the chalkboard.

“Champion Game” or “Snowball”

The teacher says the word. Each subsequent student must name all the previous words in the order in which they were introduced into the game and say their new word. Anyone who has forgotten a word or mixed up the order leaves the game.

“Word chain”

In the lesson the teacher starts the chain by saying, for example, the phrase: “a small ball”. After that, ask the first student to replace the adjective in him, for example: “a beautiful ball”. Next, ask the second to replace the noun in the new phrase, for example: “a beautiful doll”, etc. A student who has not found a suitable word leaves the game and the next participant continues the chain. The task continues until there is one winner in it.

“Board games”

The dice roll introduces an element of luck and excitement into the game, creating a favorable emotional background for learning new things: you never know what number will drop out, how quickly you will be able to complete the game and overtake your opponents. Chips visually demonstrate the progress of a team on the board and create dynamics: the faster and further you advance on the playing field, the better is!

“Crossword and word search”

Word search is a puzzle presented as a grid of words crossing each other horizontally and vertically. Students get words to fit into the grid by answering questions or guessing definitions in a crossword puzzle. According to the rules, answers can only be nouns in the nominative and singular. But you can also find various innovations in this game and change the rules according to the needs of the students.

The method of computer technology and the Internet

This modern teaching method makes vocabulary learning more colourful and fun. Using a computer allows you to form a graphic image of a word simultaneously with its sound and motor image.

In English lessons it is necessary to use the presentation for a clearer clarity, especially when introducing a new lexical topic. It is also advisable to use Internet resources, both for work in the classroom and for students' independent work at home. Small videos are of great interest to children, which can be used when learning new words and phrases for repeating and consolidating them.

Learning rhymes and poems corresponds to the age and psychological characteristics of students. They are easy to memorize, have rhythm and sound repetition. With the help of rhyme lexical and grammatical structures in oral speech are easily activated. An important point of this method is the use of an authentic speech pattern. Songs and poems have many advantages over prosaic material: they are easy to be introduced and memorized, you can sing in chorus, thereby relieving the psychological pressure from unsure students. Original song material often contains whole phrases and individual lexical units that are characteristic of colloquial speech.

“Listening games”

The main task of this type of games is the ability to understand the meaning of what was heard and highlight the main information during the speech. Listening games can be done in different ways. For example, recording is turned on or the teacher reads the text at a normal pace and the students listen. After listening to the text, the students should write down the words and phrases that each of them memorized. After that the participants reconstruct the text from memory using their notes. The winner is the one who most accurately conveys the content of the text.

Vocabulary is the central part of the language, which is naming, forming and transmitting knowledge about any objects or phenomena. Learning vocabulary is an integral part of teaching a foreign language, without which it is impossible to learn it. In this regard, the correct presentation of the lexical material leads to the successful mastery of knowledge and the variety of teaching methods makes the educational process more exciting.

Bibliography:

1. Davidova E.M. Games – methods of teaching foreign languages. Foreign language at school. -2010. - #6. – p.34-36
2. Galskova G. “Modern methods of teaching foreign languages”: M: 2004

3. Gureeva L.V., Kozmina N.A. Exercises on presenting and activizing lexical material // Philology and linguistics: problems and perspectives: materials || International scientific conference (Chelyabinsk, April 2013)
4. Gez N.I., Lyakhovitski M.V., Mirolyubov A.A. “Methods of teaching English at school”: textbook. – М.: Vishaya shkola, 1982.
5. Solovova E.N. Methods of teaching foreign languages: Basic course of lectures. – М.: Prosveshenie, 2002.
6. Usmonov K.U. and Boymatov A.B. Methods of teaching English. Dushanbe. 2009. Khujand: “Nuri marifat”.

ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЕ И ОТРИЦАТЕЛЬНЫЕ СТОРОНЫ ВЛИЯНИЯ ПАНДЕМИИ НА КАЗАХСТАНСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ

МУРАТОВА Лаура Муратқызы

Научный руководитель, к.п.н., ассоциированный профессор Г.К. Тлеужанова

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова

Караганда, Казахстан

Laura.muratova@mail.ru

Аннотация

Коронавирустың келуімен барлығы жауынгерлік режимде жұмыс істеуге мәжбүр болды және іс жүзінде шұғыл түрде онлайн форматқа көшті. Коронавирус біз - аға буын тәрбиелеген форматты" өлтіреді " (дәріс форматында). Мектеп пандемия басталғанға дейін бір апта бұрын алғашқы виртуалды сыныпты бастады. Пандемияға байланысты бәрін қашықтан жасауға тура келді. Болашақ аралас форматтарда - онлайн форматтардың өте икемді, ақылды және дәйекті үйлесімі және әлі де адамдардың өзара әрекеттесуі.

Аннотация

С приходом коронавируса все вынуждены были делать в боевом режиме и фактически экстренно перейти в онлайн-формат. Коронавирус «убьет» тот формат, которым мы - более старшее поколение - воспитаны (в формате лекции). Школа буквально за неделю до начала пандемии запустила первый виртуальный класс. Из-за пандемии нам пришлось делать всё дистанционно. Будущее за смешанными форматами - за очень гибким, умным и последовательным сочетанием возможности онлайн-форматов и всё-таки живого взаимодействия людей.

Пандемия коронавирусной инфекции COVID-19 затронула системы образования во всём мире, что привело к массовому закрытию школ и вузов. По состоянию на 16 марта 2020 года правительство страны объявило и осуществило закрытие школ. Закрытие на карантин подверглись и университеты, и средне специальные учебные заведения. Почти все образовательные учреждения Казахстана перешли на дистанционное обучение с 16 марта 2020 года.

Дистанционное обучение – вынужденная мера, примененная относительно образовательных организаций в период карантина, связанного с пандемией коронавируса. Впервые в истории образования обучение проводилась онлайн в течение нескольких месяцев. Подобный эксперимент указал на наличие слабых мест современного образования. Школы регионов совершенно не подготовлены к работе «на удаленке». Отрицательным фактором стало отсутствие единого интернет-ресурса для удаленного обучения.

Основа образовательного процесса – доступность и систематичность. Обучение в классе или дистанционное - не играет роли. Более того, по окончании карантина очное обучение так же будет нуждаться в цифровых сервисах. Работа по данному вопросу ведется уже длительное время. Ограничения на очное обучение лишь подтвердили необходимость внедрения нового формата.

По мнению родителей, и, по моему мнению, так как я тоже являюсь родителем, которым они откровенно делились в социальных сетях, дистанционное обучение – непродуманная, не налаженная система. Атмосфера в школьных группах была накалена до предела: увеличилось количество конфликтов между педагогами и родителями школьников.

Нельзя однозначно утверждать, что причина исключительно в плохом оснащении образовательных учреждений. Отношение к дистанционному обучению, желание обучаться в новом формате, а главное, желание обучать по-новому – вот что действительно важно. Пройденный учебный

год дает повод проанализировать проведенную работу и сделать шаг навстречу новым, необходимым технологиям.

Очевидно, что проблема заключается не только в отсутствии технического оснащения. Речь идёт о готовности общества в целом, желанию не только учиться, но и обучаться.

Образование — это неотъемлемое право каждого человека. Обеспечить высокое качество обучения, независимо от социальных условий жизни и уровня развития людей — это одна из стратегических целей нашего государства и нашей системы образования. Однако сейчас эта цель оказалась под угрозой. Ещё до начала эпидемии миллионы взрослых людей в мире оставались безграмотными. Кризис образования, который возник во время коронавируса, может привести к значительному ухудшению данной ситуации.

Однако к уже существующим сложностям глобальная эпидемия добавила новые. Среди основных проблем образования в условиях пандемии можно назвать:

- невозможность организовать полноценное дистанционное обучение;
- недостаточная техническая подготовленность педагогического состава;
- сложности с техническим обеспечением учащихся;
- недоступность учебных материалов в условиях дистанционного обучения;
- снижение общего экономического уровня людей;
- недоступность начального образования;
- отток учеников и студентов из учреждений образования;
- усиливающееся социальное неравенство в обществе.

Влияние пандемии на образование оказалось колоссальным. Оно затронуло все ступени обучения: дошкольное, школьное, профессионально-техническое и, конечно, систему высшего образования. В значительной степени нарушился учебный процесс. Давайте посмотрим, какие трудности возникли на каждой ступени обучения.

Дошкольное образование, несмотря на его необязательный характер во многих странах, всё же выполняет важные функции:

- развивает у детей навыки социализации;
- воспитывает детей, прививает им общественные нормы;
- развивает творческие способности и навыки мышления;
- обучает базовым знаниям;
- подготавливает к обучению в школе;

Дошкольное образование во время пандемии практически полностью прекратилось. В этой ситуации пострадали не только дети, но и родители, которым пришлось отказаться от работы и оставаться дома. Это значительно ухудшило экономическое положение многих семей.

Для ребёнка в начальных классах очень важно взаимодействие с учителем. Это позволяет поддерживать высокий уровень мотивации и вовлекать детей в образовательный процесс. Перевести школьное образование в период пандемии в онлайн-формат практически невозможно. Маленькие ученики ещё не способны самостоятельно изучать материал, концентрироваться и долго сидеть на одном месте. Всё это в будущем может привести к тому, что дети так и не смогут вернуться к учёбе.

Влияние коронавируса на профессионально-техническое образование также довольно негативное. Ведь для того, чтобы молодые специалисты могли качественно выполнять свои обязанности, им необходимо проходить стажировки и получать практический опыт. Учащиеся данных специальностей не могут принимать участие в подобных программах, что закрывает им доступ к качественному образованию.

В сравнении с другими ступенями, сфера высшего образования оказалась самой устойчивой к пандемии. Университеты сразу перевели обучение на дистанционный формат.

Есть решения, которые позволяют снизить негативные последствия влияния пандемии на систему образования. Среди можно назвать следующие активности:

- использовать онлайн-формат в образовании;
- повсеместно переходить на дистанционное обучение;
- применять альтернативные методы образования;
- повышать уровень технической подготовки педагогов;
- применять методы непрерывной оценки уровня образования.

Образование и пандемию коронавируса невозможно представить без дистанционного обучения. Это первое, что сделали учебные заведения в стране, когда правительство решило объявить локдауны в связи с эпидемией. Чтобы организовать занятия в онлайн-формате, начали запускать на телевизионных каналах образовательные программы, уроки. Один из самых популярных видов

дистанционного обучения — это онлайн-формат. Занятия в Zoom, Skype и на образовательных платформах BilimLand стали спасением для университетов и школ.

Вузы в развитых странах оказались наиболее готовы к такому переходу. Многие университеты уже давно разработали целые курсы, которые преподавались в таком формате. Школам и средним учебным заведениям также пришлось быстро реагировать на изменения и заниматься организацией дистанционного обучения. Новые методы обучения помогают предоставлять отличный уровень среднего и высшего образования даже в условиях пандемии. Среди них:

- адаптивное обучение;
- интерактивные и экспериментальные подходы;
- методы самообучения и усиление роли самостоятельной работы;
- командное обучение;
- смешанный формат обучения (онлайн-офлайн режим);
- моделирование и игровые техники.

Влияние пандемии на систему образования велико не только потому, что эпидемия заставила искать новые подходы к обучению. Она также показала значимость роли преподавателей в обучающем процессе и важность их технической подготовки.

К сожалению, многие педагоги оказались не готовы переходить на альтернативные форматы обучения. Им не хватало знаний, чтобы успешно пользоваться обучающими платформами и организовывать уроки в новом для себя режиме. Всё это привело к необходимости дополнительного обучения педагогического состава и организации помощи опытным учителям, чтобы они быстрее смогли получить необходимые навыки работы с техническими средствами.

Ещё один важный вызов, с которым столкнулась система общего и высшего образования в период пандемии, это необходимость пересмотреть методы оценки. Как проводить экзамены дистанционно? Как оценивать контрольные и защищать диссертации? На все эти вопросы вузы находили свои ответы.

Для качественного контроля текущих знаний большинство учебных учреждений в период пандемии выбрали метод непрерывной оценки. То есть умения и навыки, которые получают ученики и студенты во время занятий, теперь проверяются сразу же. А контрольные и экзамены лишь подтверждают полученный уровень знаний.

У дистанционного обучения долгая история. Особенно это характерно для университетов, которые быстро перестроились к новым условиям и перевели студентов в онлайн-формат.

Образование во время пандемии получило толчок, позволивший полноценно внедрить дистанционное обучение на всех уровнях обучения. Даже школы и профессиональные колледжи пересмотрели учебные программы и стали активно использовать новые методы.

Несмотря на позитивные стороны дистанционного образования, есть и существенные минусы, которые пока невозможно перевести в плюсы:

1. Обучение в школах строится на тесной связи учителя и ученика. Без взаимодействия с педагогом многие предметы остаются просто непонятыми, у школьников теряется мотивация.
2. Профессиональные учебные заведения готовят специалистов, которым нужна практика и технический опыт, а получить его методами дистанционного обучения пока невозможно.
3. Образование в период пандемии в целом замедлилось. Это связано не только с невозможностью организовать полноценный учебный процесс, но и с резким экономическим спадом. В будущем такая остановка может привести к ухудшению состояния здоровья учащихся школ, их оттоку из учреждений образования и использованию детского труда.

По моему мнению, в целом, образование в период пандемии в Казахстане, как и во всём мире, ощутило значительный спад. Исправить ситуацию можно с помощью следующих мер:

- внедрять альтернативные методы обучения во всех учебных учреждениях;
- находить нестандартные решения, которые смогут увеличить долю практических занятий;
- сделать всё возможное, чтобы вернуться к привычному офлайн-формату.

В ту же очередь нельзя забывать, онлайн-образование - это не враг и не оппонент оффлайна. Это набор инструментов, который может помочь в тех случаях, когда невозможно учиться в оффлайн-формате.

Литература:

1. www.forbez.kz Влияние пандемии на образование: какие навыки не потеряют свою актуальность
2. www.zachnik.ru Как пандемия повлияла на образование.

БІЛІМ, ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ӨМІР БОЙЫ ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ АЛУЫ

МУХАМЕДГАЛИЕВА Айдана Кенжеболатовна

Ғылыми жетекші - Р.Ж. Мухамедғалиева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

aidana_mk1203@mail.ru, rmuhamedgalieva@mail.ru

Аннотация

Мақала қажетті еңбек жағдайларын барынша толық қамтамасыз ету үшін осы саладағы қызметкерлердің қызметі процесінде шешілген білім, ғылым және мәдениет саласындағы проблемаларға арналған. Оқушылар, студенттер, өндірістің түрлі салаларының қызметкерлері үшін қиын кезеңде болған кедергілерді еңсерудің негізгі бағыттары көрсетілген. Жұмыс экономиканың барлық салаларында одан әрі дамуға ықпал етеді, бұл уақытша қиындықтарға қарамастан білім, ғылым және мәдениетте алға жылжуға мүмкіндік береді.

Annotation

The article is devoted to problems in the field of Education, Science and culture solved in the process of employees' activities in this field in order to provide the necessary working conditions as fully as possible. For schoolchildren, students, and employees of various industries, the main directions of overcoming obstacles that were in a difficult period are outlined. Work contributes to further development in all sectors of the economy, which allows us to move forward in education, science and culture, despite temporary difficulties.

Шын мәнінде, дүниежүзілік пандемия адамдардың өмірінде теріс мәнге ие болып қана қоймай, барлық елдердегі білімге, ғылымға және мәдениетке әсер етті. Біздің білуімізше, білім беру сапасы кез келген елдің дамуындағы басты қажеттіліктердің бірі болып саналады. Ал пандемияның бүкіл әлемді жаулап алуы білім беруге жоғары деңгейде әсер етті. Көптеген оқушылар өзінің білімін қажетті деңгейде көтерудің орнына керісінше төменгі деңгейге түсірді. COVID-19 пандемиясы 190-нан астам елде және барлық континенттерде 1,6 миллиардқа жуық оқушыға әсер еткен білім беру жүйесінің жұмысындағы ең үлкен сәтсіздікке әкелді. Мектептер мен басқа да білім беру мекемелерінің жабылуы әлемдік оқушылар контингентінің 94 %-ын құрады, табысы төмен және орташа табысы төмен елдерде бұл көрсеткіш 99 %-ды құрады. Бұл үрдіс Қазақстанды да айналып өтпеді. Әр аймақтарда көптеген білім беру мекемелері карантинге жабылып өз жұмыстарын тоқтатты. Көптеген мектеп және жоғары оқу орындарының білім алушылары өз білімдерін мектеп қабырғасында шындай алмады. Сол себепті олар оқуларын өз үйлерінде жалғастыруға мәжбүр болды. Бұл, әрине, біздің еліміздегі білім сапасына төмен көрсеткіштер әкелді. Еліміздегі әр баланың білім алуға деген құқығы болғанымен, көптеген отбасылар қашықтықтан білім алудың талабына сай өз балаларын керекті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ете алмады. Ал технология қашықтықтан оқыту жүйесіндегі құралдардың бірі екенін бәріміз білеміз. Қазірге күннің қиыншылықтарына шынайы көзбен қарай отырып, еліміздің мекеме басшылары оқушыларды керекті технологиялық жабдықтармен қамтамасыз етті. Пандемия басталғаннан бері оқытушыларға қашықтықтан оқыту әдістерін - көбінесе жеткілікті әдістемелік көмек, дайындық немесе ресурстарсыз енгізу тапсырылды. Бұл білім берудің барлық деңгейлерінде орын алды. Көптеген жағдайларда мұғалімдердің онлайн-бағдарламаларға қатысу және телефон мен бейне қосымшаларды пайдалану арқылы біліктілігін арттыру мүмкіндігі болды, бірақ маргиналданған оқытушылар мұндай қолдауға қол жеткізе алмады. Сабақ өткізуге арналған Веб-қосымшалар және хабарламалармен алмасуға арналған қосымшалар оқушылармен және әріптес-педагогтармен қарым-қатынас жасаудың пайдалы әрі жаңа құралдарына айналды. Дегенмен де, технологиялық құралдардың жақсы немесе жаман жұмыс істейтіні адамға байланысты емес екені анық. Құрылғының кез келген уақытта бұзылуы да мәз емес. Сабақты техникалық ұйымдастыруға көп уақыт кетеді, осыған байланысты студенттер материалдың аз мөлшерін алады, сонымен қатар, барлық оқушыларды талқылауға тарту қиындықтарының бірі пікірталасқа қатысушылардың тек 15-20% қатысуында және мұғалімдердің көпшілігінде онлайн оқытуды құру дағдыларының болмауында. Дәл осы және басқа да факторлар қашықтықтан оқыту форматының кемшіліктерін айқын көрсетеді.

Әр мәселенің оң және теріс жақтары бар демекші, пандемияның да білім берудегі жақсы жақтарын атап, көрсеткім келеді. Мәселен, оқушылар мен студенттер өз бетінше білім алуға дағдылана алады. Бұл шеберлік болашақта оларға пайдалы болмақ. Олар өздерінің қажеттіліктері мен жеке қасиеттерін ескере отырып, өздеріне ыңғайлы қарқынын таңдай алады. Басқа да артықшылықтары бар, мысалы, жеке оқыту мектеп оқушыларының тәрбиешілерге деген қажеттілігін жояды, әртүрлі демонстрациялық материалдар, бейне және аудио жазбалар, басқа да заманауи технологияларды

қолдану сабақ деңгейін арттырады; балалар түсініксіз тақырыпты әр түрлі форматта қайталап көре алады. Оқытушыларға баланың іс-әрекетін бақылау, оған ақпаратты жеткізудің қай әдісі оң нәтиже беретінін түсінуге көмектеседі; терең білім игеруді қажет ететін оқушыларға карантинде тақырыпты терең зерттеуге көбірек мүмкіндіктер бар; қашықтықтан білім беру – жауапкершіліктің, тәуелсіз оқу мен тәрбиелеудің мүмкіндігі болып саналады; әр оқушы карантинде өз күнін дұрыс жоспарлай білуді (Time Management) үйренеді. Оның үшін білім - ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең және әр білмегенінді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил болады»[1] деп қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаев айтпақшы, қандай жағдай болмасын, басқа да жағымды жақтарын тауып білім алуды тоқтатпауымыз тиіс, себебі білім қашан да болсын жоғары деңгейде бағаланады.

COVID19-ға байланысты білім беру жүйесі мұндай күйзелісте бұрын-соңды болмаған. Бұл білім беру саласында қойылған мақсаттарға халықаралық деңгейде кері әсерін тигізді. Соған қарамастан, білім беру қоғамдастығы өзінің тұрақтылығын көрсетіп, одан әрі қалпына келтірудің негізін қалады. Әлі күнге дейін жалғасып келе жатқан жағдайдың нашарлау қаупінен білімнің жоғалуы әбден мүмкін. Алайда, әлеуметтік-экономикалық жағдайлардың шиеленісуінің кез-келген қаупі керісінше - жағдайды жақсы жаққа өзгерту, біздің барлық талаптарымызға жауап беретін білім беру деңгейін жақсарту, оқытудағы жан-жақты өзгерістер, әлеуетті іске асыру және болашақта осындай жүйені құру мен түрлі дерттерден сақтану жолдары туралы ойлануға себеп болады.

Қашықтықтан оқытудың жоғарыда аталған артықшылықтары маған көп нәрсені үйретті. Қашықтықтан оқытудың пайда болуымен мен күнімді нәтижелі және үнемді өткізе бастадым. Егер бұрын күндізгі оқу кезінде мен жоспарланған істерді толық аяқтай алмасам, қазір оннан астам істі бір күннің ішінде-ақ аяқтай аламын. Қалай болғанда да, қашықтықтан оқыту - бұл уақытты үнемдеу деп есептеймін. Мысалы, тіпті оқу күніне дайындық процесі, шамамен, бір сағатты алатын болса, ал қазір ол әлдеқайда аз уақытты алады. Интернеттегі оқытудың көмегімен мен өзімнің дамуыма және өзім үшін жаңа, қосымша ақпаратты іздеуге көбірек уақыт бөле аламын. Осылайша, оқушы немесе студент, магистрант немесе докторант және басқа да білім алушылар өзіне қажетті ақпаратты табуға ұмтылады және әлдеқайда мобильді болады. Менің ойымша, пандемияның жақсы жақтарымен де жоғары деңгейде өзінді дамытуға болады. Тіпті мектеп қабырғасында оқып жүріп-ақ оқушылар ғылымға баса назар аударуда. Біз білетін, НИШ, Дарын және басқа да беделді мектептердің оқушылары өздерін ғылымда да сынап көруде. Мектептерде орналасқан лабораторияларда жаңадан, адам өміріне қажетті жаңалықтар ашуда. Ал пандемия үлкен, ғаламдық ғылыми зерттеулерге қалайша әсер етті?

Коронавирустық пандемияға байланысты бірқатар ғылыми халықаралық экспедициялар мен конференциялар тоқтатылды. Шектеу режимі кезінде "zoom-жұмыс үстелдері" форматы дамуда үлкен секіріске ие болды, олардың саны едәуір артты[2]. Жалпы алғанда, әлемдік ғылыми институттардың директорлары мен басшылары 2020 жылды ғылым үшін өте қиын деп сипаттаға болатын. Мәселен, химия саласындағы, коронавирустық пандемияға байланысты, реактивтер мен құрылғылар өндірісі айтарлықтай баяулады[2]. Иә, шынымен де, COVID-19 коронавирустық пандемиясы бүкіл қоғамға жаһандық сынақ болды және сонымен бірге ғылымды, ғылыми коммуникацияны және ғылыми ақпаратқа ашық қол жетімділікті дамыту үшін ерекше жағдай жасады. Коронавирустың пайда болуы, COVID-19 пандемиясының жариялануы және өзін-өзі оқшаулау режимінің енгізілуі шұғыл түрде шешуді қажет ететін бірқатар міндеттерді анықтады. Бүкіл дерлік ғылыми мекемелерде ғаламдық дертпен күресудің жолдары зерттелді, сонымен бірге COVID-19-ды зерттеу нәтижелері бар мақалалар санының жедел түрде өсуі және өзін-өзі оқшаулау режимінің салдары туралы ғылыми журналдарда көптеген мақалалар пайда болды.

Бұл іргелі зерттеулер мен әзірлемелер – қысқа мерзімде жаңа коронавирустық инфекцияның таралуын түсінуге және болжауға ғана емес, сонымен қатар диагноз қоюдың, алдын-алудың, емдеудің және вакцинацияның тиімді әдістерін жасауға мүмкіндік беретін базаға айналды. Бұл адамзат баласын алдағы сын-қатерлерден сүрінбеуге және алда болатын түрлі аурулардың алдын алуға итермелейді. Ия, әрине, белгілі бір шаралардың уақтылы болмағаны үшін сынға әрдайым себеп бар, бірақ адамзат үшін пандемияға бірнеше апта мен айлар бойы жауап беру – бұл бұрын-соңды болмаған оқиғалардың бірі. Бұл ғылымда айтарлықтай артта қалудың белгісі болып саналады. Сол себепті ғаламды жан-жақты дамыту тек бүкіл адамзат қолында. Әр салада дами білген адам жетістікке жетеді демекші мәдениет саласын да ұмытпағанымыз жөн болар.

Қазіргі таңда пандемияның мәдениетке әсер еткендігін айтпасақ болмас. Себебі мәдениет саласы коронавирус соққысын алғашқылардың бірі болып қабылдады – 2020 жылдың наурыз айының басында бүкіл әлемдегі мәдени мекемелердің көпшілігі белгісіз мерзімге жабылды, сонымен қатар, шекарадан өтуге байланысты бүкіл әлем бойынша гастрольдер тоқтатылды, театрлар, концерт залдары, мәдени орталықтар, музыкалық клубтар және осы саладағы бұқаралық іс-шаралар өткізілетін басқа да

алаңдар жабылды немесе олар өткізетін іс-шаралар мен бағдарламалар түбегейлі қысқартылды, көрмелер мен қойылымдар тоқтатылды және кейінге қалдырылды. Бұған жауап ретінде сандық платформалардың көмегімен балама немесе қосымша қызметтерді ұсынуға белсенді күш жұмсалды, мәдениет саласындағы онлайн – технологиялар кеңінен қолданылды, әртістер онлайн режимінде өнер көрсетуді, жаттығуды үйренді, ал музыканттар мыңдаған көрінбейтін көрермендердің алдында интернет арқылы трансляция аясында бос залдарда өнер көрсетті, мәдени және тарихи мұрамен жақын танысу қол жетімді болмады. Театрлар жаппай онлайн-көрсетілімдерге көшті, көрермендермен қарым-қатынастың жаңа түрлерін, қойылымдар мен дайындықтардың жаңа форматтарын игерді. Өнер нарығына қатысты жоспарланған барлық оқиғалар коронавирусқа тікелей тәуелді болды. Қиын жағдайдың салдарын еңсеру үшін өнер туындыларын көруге және сатып алуға арналған виртуалды бөлмелер құрылды. Коронавирустық пандемиядан туындаған карантин киноиндустрия саласына да теріс әсерін тигізді. Кинофестивальдердің орнына – жаңа фильмдер мен трейлерлердің жабық көрсетілімдері, жобалардың тұсаукесерлері, жасаушылармен конференциялар және жұлдыздармен кездесулер интернет арқылы жүзеге асырылды. Вирус кинотеатрдың интернетке өту процесін дереу түрде жеделдетті. Мұражайлар өзін-өзі оқшаулау режиміне көшті және өз жобаларын онлайн режиміне ауыстырды, өнермен қатынасудың жаңа форматтарын ойлап тауып, суретшілермен арнайы жобалар жасалына бастады. Онлайн-дәрістерге қолжетімділік ашылды, тегін онлайн-кездесулер мен залдар бойынша виртуалды экскурсиялар ұйымдастырылды.

Мәдениет тақырыбы жайлы сөз қозғалған кезде, әрине, мәдениет объектілерінің қауіпсіздігі жайлы ұмытпаған жөн деп санаймын. Шектеу шараларының жүзеге асырылу кезеңінде мәдени объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету елеулі сын-тегеурінге айналды. Бюджеті туризм ағынына айтарлықтай тәуелді мәдениет институттарының жабылуы қауіпсіздік мәселелерінде де көрініс тапты. Атап айтқанда, бұл проблема қақтығыстарды бастан кешіретін елдер үшін өзекті болып отыр. Сонымен қатар, қазіргі тынышсыз ахуалға байланысты мәдениет нысандарын ұрлау өзекті мәселеге айналды. Ақпараттарға сүйенер болсақ, Винсент Ван Гогтың "Нюенендегі діни қызметкердің бағы, көктем" картинасы ұрланған болатын. Картина жабылған "Зингер" мұражайында орналасты[3].

Үш саланы, білім, ғылым және мәдениетті, байланыстырған БҰҰ-ның мамандандырылған мекемесі ЮНЕСКО бұл мәселеде асқан шеберлікпен жұмыс атқарды. Оның мәліметтері бойынша, 2020 жылы 128 ел Мәдениет саласымен байланысты ұйымдардың қызметін тоқтатты. Алайда, осынау қиын кезеңде көмек ЮНЕСКО тарапынан ғана шектелген жоқ[3].

Бүкіл ғаламдық және қазақстандық әншілер өздерінің тұрақты табыстарынан айырылған болатын. Сол себепті әншілер онлайн форматқа өтіп өз әндерімен үйде отырған барша халықты жігерлендірді. Осынау қиын-қыстау кезеңде суретшілер де адамдардың және олардың жақындарының денсаулығы үшін үйде болуға, қоғамда жағымды көзқарас қалыптастыруға және COVID-19 пандемиясымен күресетіндерге эмоционалды қолдау көрсетуге шақыру үшін онлайн-көрмелер ұйымдастырды. Бүкіл ғаламдық халыққа барша жақтан қолдаулар көрсетілді. Және де, ең бастысы, білім саласында да алға нақты жоспарлар қойылды. Білім беру саласындағы негізгі қызметтерді қалпына келтіруді және оның негізгі мақсатын жандандыруды мұрат етуде, адамзат шексіз мотивацияға ие болды. Принциптерге адал болу және балалар мен жастарға өздеріне уәде етілген болашаққа қайта сенуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар барлық білім беру қызметкерлерінің осы мақсатқа жетуіне өз үлестерін қосу үшін қажетті реформаларды жүргізуде үкіметтер мен халықаралық қоғамдыстық кепілдік бере алады.

Біз вирустың алдында бәріміз бірдейміз, сол себепті біз, бір ғаламшар иелері, барлық ережелер мен шектеулерді сақтай отырып, бір-бірімізге көмектесуіміз керек. Менің айтпақ ойым, пандемия кезінде және одан кейін адамдар жақсы жаққа өзгереді, өйткені "қатты жаңбыр болса да, күн міндетті түрде шығады" деп бекер айтпаған. Адамдар таза ауаны бағалай бастайды, табиғатқа ұқыпты қарайды, игі істер жасайды, пайдалы істермен айналысады, әр сәтті қуанышты өткізеді, қарапайым нәрселерге қуанады, жақындарымен және достарымен көбірек уақыт өткізеді және ең бастысы үйде ғана емес, бүкіл ғаламда тазалықты сақтайтын болады, өйткені Жер бізге сый ретінде берілген жалғыз тіршілік мекені.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. https://kk.wikibooks.org/wiki/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%B4%D1%8B%D2%A3_%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B0_%D1%81%D3%A9%D0%B7%D0%B4%D0%B5%D1%80%D1%96/%D0%90%D0%B1%D0%B0%D0%B9%D0%B4%D1%8B%D2%A3_%D0%BE%D1%82%D1%8B%D0%B7_%D0%B5%D0%BA%D1%96%D0%BD%D1%88%D1%96_%D2%9B%D0%B0%D1%80%D0%B0_%D1%81%D3%A9%D0%B7%D1%96 (Абайдың 32-қара сөзі)
2. <https://nsk.rbc.ru/nsk/08/12/2020/5fce68aa9a794710f7cdbd08>
3. <https://ach.gov.ru/upload/pdf/Covid-19-culture.pdf>

ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕ АШЫЛҒАН ТЕАТРЛАР
НАЙМАНТАЕВ Асқар Әбдіғалымұлы, НАЙМАНТАЕВА Маира Талапқалиқызы
Т. Жүргенов атындағы Ұлттық өнер академиясы
Алматы, Қазақстан
asautai@mail.ru

Аңдатпа

Пандемия кезінде Алматы облысында екі театр ашып едік. Конференция тақырыбына сай оқиға болған соң сол тәжірибемізбен бөліскенді жөн санадық.

*«Азаматтардың мәселелерін тыңдап,
көріп қана қою жеткіліксіз.*

Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажет.»

Қазақстан Республикасының Президенті

Қасым-Жомарт Тоқаев.

*«Жаңа жағдайдағы Қазақстан: Іс – қимыл кезеңі»
мақаласынан.*

1. Театр.

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың осы жолдауының тақырыбы «Іс-қимыл кезеңі» - деп, бекер қарап отырмай, пандемия кезінде ізденіс, тапқырлық таныту қажеттілігіне шақырып тұр емес пе?

Оқшаулану басталғаннан бастап сабақтар онлайн форматқа көше бастады. Музей, кітапхана, театр, филармония халық баратын орын болмай қалған кезде, әрбір қарапайым қызметкер, артист, кітапханашы өздері оператор, өздері режиссер болып, музейлер мен кітапханалар әр үйге өзі кіріп кетті. Телеарнадан концерттер мен кештер көріп үйренген халыққа онлайн концерттер аса жат бола қойған жоқ. Бірақ, өнердің ішіндегі кербезі - театр өнері көшірмеге (репродукция) көне бермейді. Амал жоқ, «басқа түскен баспақшыл» дегендей оған да көнуге тура келді. Себебі өнер, мәдениет жабық өмірге көнбейді. Махатма Ганди: «Мен өз үйімнің төрт жағынан биік қоршаумен қоршалып, терезесінің тас бекітілгенін қаламаймын. Менің төріме бар елдің мәдениеті еркін кіруін қалаймын. Тек мені аяқтан шалмаса болды» - деген екен.

Оқшаулану кезеңі артта қалып, көрермендерге театрға бару рұқсат етілген кезде, әлі де карантин талаптарын орындай отырып, Алматы облысының екі ауданында екі бірдей халық театрларын аштым. Пандемия кезінде ашылған театрлар болған соң баяндамада сол тәжірибеммен бөлісіп, кездесетін кедергілерін атап өткім келді.

Нарынқолда 1957 жылдары, Мұқағали Мақатаев жұбайы Лашын Әзімжанова екеуі ең алғаш ауыл сахнасында «Қозы Көрпеш – Баян сұлуды» сахналап, кейіннен аудан орталығында драма үйірмесіне ұласып, 1963 – жылы «Халық театры» атағын қорғаған театр Нарынқол ауданының 22 жыл жабылуына орай белгісіз себептермен қысқарып қалған. Бірнеше жыл әкімшілік, министрліктерге жүгіріп жүріп, ақыры аудан қайта бөлінген соң сол театрды қалпына келтіру ісіне кірістім. Себебі ата-анам осы театрда ұзақ жыл еңбек етті, өзім осы театр сахнасында дүниеге келдім. Нарынқолдағы «Хантәңірі театрын» қалпына келтіру жұмыстарымен жүрген кезімде Ұйғыр ауданының ардагер ақсақалы Ызғарбек Бектұрсынов: «Қарадала өңірінде өмірі театр болған жоқ. Өнерлі жастар көп, осында да театр ашылуына септігіңді тигізсең қайтеді?» - деген ұсыныс айтқан соң, үлкен кісінің сөзін жерге тастамай білек түре кірісіп кеттім. «Хантәңірі» театрына Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының желісі бойынша, «Қарадала» театрына Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасы бойынша спектакль қоюға кірістік. Екі театр да бір мезгілде, арасына бір апта салып, Талдықорғандағы Бикен Римова атындағы театр сахнасында өткен жылдың күзінде ашылды. Оны бірнеше Республикалық телеарналар, газеттер, сайттар жар сала елге таратты [1, 2].

Ашылу салтанаттарына Қазақстанның халық артисі, Қазақстан театр қайраткерлері Одағының төрағасы Тұңғышбай Жаманқұлов келіп, құттықтау хатын тапсырып, екі театр өнерпаздарын «Қазақстан театр қайраткерлері Одағына» мүше етіп қабылдады. Ауыл мәдениет үйінде көптеген жылдар еңбек етіп жүрген біршама өнерпазға Халықаралық «Абай қоры» атынан «Абай 175» төсбелгісі табыс етілді.

Осы екі театр ашылған қараша айында Алматы облысында не бары бұрыннан келе жатқан 7 халық театры болған. Біздің бастамамыз өзгелерге де үлгі болып, желтоқсан айында Алматы облысында 22 театр болды! Біздің бұл ісімізді Республикамызда өткен жылдың ең үлкен мәдени жаңалығы деп қабылдады.

2. Үйрету процесі, фестиваль.

«Ашылды деген осы, енді өздерің күн көріңдер» - деп ол екі театрды тастап кеткемін жоқ, бір-екі жыл олардың білмегенін үйретіп, театр өнері жайлы сауатын ашып, сахналық өнердің «сахна тілі», «сахна сайысы», «сахна қозғалысы» сияқты пайдалы дүниелерінен біле жүрсін деген ниетпен мамандар апарып, жан-жақты білікті маман даярлауға кірістім. «Қарадала» театрына Абай Құнанбаевтың «Ескендір» поэмасын қойғамын. Сондықтан ол театр мүшелері алғашқы күннен бастап, «сахна сайысы» мен «сахна қозғалысынан» Т. Жүргенов атындағы академияның ұстазы Ернар Бейсенбектен дәріс алып, үйрене бастаған. Сахналық грим салуды, образ, мінезге қарай гримденуді де үйреттік. Бутафор, реквизиттер жасауды суретші маман апарып шеберлік сабағын өткіздік.

Екі театрдың спектаклін Талдықорған сахнасында видеоға түсіріп алғамыз. Кейіннен сол видеомыз үлкен іске асты. Өзім ғаламтор арқылы Ресей, Грузия, Өзбекстан елдеріндегі әріптестермен тығыз байланыста жүремін. Сол арқылы Германияның Франкфурт на Майне қаласында өткен Халықаралық фестивалге онлайн екі театрды қатыстырдым. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» деген осы шығар, фестивалге қатысқан отызға жуық кәсіби, студенттік, жастар театрларының арасынан «Қарадала» театры Гран-При жүлдесін, «Хантәңірі» театры бірінші орынды иеленді! Ашыла сала бірден шалғай ауылдың өнері осылай үлкен олжаға кенелді. 2021-жылдың басында екі театрды Алматыға, Ғабит Мүсірепов атындағы театрға алып келіп, спектакльдерін Алматылықтарға көрсеттік. Сол сәтте Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтан, Қазақстан Республикасы мәдениет және спорт министрі Ақтоғы Райымқұловадан алғыс хаттар алдық. Пандемия кезінде ашылған театрлар міне осылай онлайн және офлайн жұмыс істей бастады. Ресейде өткен Халықаралық фестивалге екі ауданның жеке орындаушылар, бишілерінің видеоларын жіберіп, онлайн қатыстырып, ол жарыстан да Гран-При, бірінші, екінші дәрежелі диплом алғандар шықты!

1. Декорация, костюм, музыка.

Ғаламтордың мүмкіндіктерін пайдала білу дегенің қазіргі кезде зор пайдасы бар екенін жаңа ашылған театр мүшелеріне үйретумен, айтумен болам. Театр ашу дегенің сахнаға қойылым қою ғана емес, оларды үйрету, оқыту, шынықтыру, ұйымдастру, құлшындыру. Осыларды істеп алып талап ету керек. «Хантәңірі» театрының ашылуға дейінгі алғашқы жұмысы М. Әуезов шығармасы бойынша «Телғара» спектаклі болды. Ол кезде оқшулану күшінде тұрған кез болатын, көрерменді мәдениет үйіне шақырып көрсете алмайтын болдық. Сондықтан біз спектакльді табиғат аясында, қарағайлы тау ішінде фильм-спектакль етіп түсіруді жөн санап, драматургиясын ықшамдап, жарты сағаттай жүретін фильм түсірдік. Түсіру тобын Алматыдан шақырттық. Монтажы да кәсіби студияда жасалды. Арнайы киіз үйлер тіктіріп, мінуге аттар алдырып, дәстүрлі тағам түрлерін жасатып, қолдан келгенше Абайдың әжесі Зеренің үйін, Құнанбай ел ағаларымен кездесетін жеке отау жасадық. «Театр» дегеннің өзін жаңалық деп танып жатқан аудан өнерпаздары үшін бұл шағын спектакльді телевизия ережесімен түсіру дегеннің өзі үлкен бір киноға түсумен бірдей болды. Аудан жұртшылығы да өз жерлестерінің еңбегін YouTube арнасы арқылы тамашалап, алыс-жақын таныс, туыстарына мақтана таратып жатты. Облыс басшылары да бұл спектакльді жоғары бағалады. Абай, Құнанбай дәуірінің киімдерін Ғабит Мүсірепов атындағы театрдан алдырдық. Жас Абай костюмін көп таңдадық, Құнанбай гримін жасаттық. Онлайн талабына сай көрерменге ұсындық сосын.

Екі театрдың декорациясын, костюмдерінің үлгісі іздеуде ғаламтор көмекке келді. «Ескендір» поэмасында тарихи тұлға Александр Македонский, «Аққулар ұйықтағанда» спектаклінде ақын Мұқағали Мақатаев, Еркін Ібігановтар болғандықтан ол замандағы киім үлгілерін, тұрмыс-тіршілігін, мінезін, жүріс-тұрысын зерттеу, оқу, меңгеру керек болды. Ежелгі Рим әскерінің, Македонский киім үлгілерін ғаламтор арқылы тауып, арнайы тіктірдік, ауданның ұстахналарына найза, қылыш, қалқандарн жасаттық. Ауылдың ұсталары бұрын өздері істемеген дүниелерге кез болды. Тігіншілер де дулыға, сауыт, тіпті аяқ киіміне дейін өздері тігіп шықты. «Хантәңірі» театрының мүшелері де Мұқағали заманының киім үлгілерін тауып, ақынның портреттік қана емес, мінез, сөйлеу мәнеріне де ден қойып, ұқсатуға тырысты. Киім, грим, сахна сәні дайын болғанда актерлар үшін де образ сомдау процесі жеңілдей бастады. Франкфурт на Майне фестивалінің қазылар алқасы екі спектакльдің де сахна безендіруі мен костюмдерін ерекше атап өтті!

2. Шешімін күткен сұрақтар.

Біз енді ғана "Халық театр аштық!" - деп аттан салып, өзгенің алдына шыққандай шулап жүрміз. Ресейде "Халық көркем мәдениеті" (Народная художественная культура" НХК) - деген пән оқытып, өнер институттарында ғылыми зерттеу жасап, дамытып, ілгерлетіп, арнайы жаңа заман мамандарын даярлап жатыр [3].

Әр елдің ұлттық мәдениеті, ұлттық өнері әлемдік мәдениеттің баспалдағы екеніне ЮНЕСКОны араластырып, өз мәдениетін алдыңғы баспалдаққа шығарып жатыр.

Бір халық театрын ашу кезінде көзқарас көмескі тартып, көңіл бөлу селқос болып жатқан қаншама дүниеге кез болды. Бір, екі адамның әлемге танылғанына санымызды шапалақтап отыра бермеу керек енді.

Халықтың өнері де, мәдениеті де ауылда әлі. Бір-екеуін Алматыға оқуға түсіріп, үлкен шахардың театр, филармониясына жұмысқа кіргізгенді місе тұтқанды доғарып, ауыл, ел өнерін өз ошағында қыз-қыз қайнатуды, дәріптеуді, алға оздыруды жоспарлаған жөн.

Зиялы қауымға, Мәдениет министрлігіне, Ұлттық мәдениет зәулім сарай салып, әлемдік мектепте оза шапқандардан ғана құралмайтынын білетін кез келді ғой. Шаляпинше шырқап, Станиславскийше "өмір сүргендер" Европада да, Азия, Африкада да бар. Қазақтың ұлттық өнері бізден басқа бір елде жоқ!

«Хантәңірі» мен «Қарадала» халық театры биыл күзде өтетін Алматы облыстық фестиваліне дайындық бастап, бас қатырып жатыр. Нарынқолдықтар киім тіккізбек. Аппаратура да керек екеуіне. "Ашылдық" деген күннен бастап оларда тыным жоқ, карантин бітсе ел аралағысы келіп құлшынып отыр. Үкіметің қажет штатты бірден бермей, там-тұмдап беретініне қарайтын емес. Сахнаға шыққан Қарадала театрының 29 адамын көзбен көрген биліктегілер штат берілмесе олар екі жыл тегін істей береді деп отыр ма білмедім, театрлардың ашылғанына алты айдан асса да штат мәселесі, театрды қаржыландыру тетігі табылмай отыр. Осыдан біраз бұрын Қазақстан Республикасы Парламен мәжілісі мен мәдениет және спорт министрлігінің руханият әлемінің мәселелерін талқылауға арналған бірлескен отырысы болды. Арнайы шақыртылған соң сол жиында да екі театр ғана емес, ауыл мәдениетінің хал-ахуалын баяндап, қаржы көзін табуға көмек сұраған болатынмын. Қортындысын күтіп отырмыз.

Айтатын, талқылайтын дүние көп. Екі театр да өлмейді, тоқтамайды, жұмыс істейді.

3. Болашаққа үміг арту.

Өнер десе, ішкен асын жерге қоятын ел ішіндегі тума таланттардың басын біріктіріп, көркемөнерпаздардың өз күшімен құрылған халық театрлары әр ауыл мен ауданның ажарын кіргізетін бірегей орталықтар болды бұл күнде. "Халық театры" деген менің көптен көтеріп жүрген тақырыбым екенін зиялы қауым ортасы жақсы біледі.

"Егемен Қазақстанның" былтырғы бір санында мынандай ақпарат бар екен:

"Қазақстан бойынша 1 мыңнан астам «халықтық» атағы бар көркемөнерпаздар ұжымы бар. «Олардың ішінде театр ұжымдарының саны 200-ге жуық. Өңірлердегі театрлардың ең көбі Шығыс Қазақстан облысының үлесінде, ай-мақ-та 28 театр жұмыс істейді. Қарағанды облысында – 18, Жамбыл мен Атырау облыстарында – 17. Мысалы, Павлодар облысы бойынша «халықтық» (үлгілі) атағы бар 7 ұжым бар. Театрлардың репертуарында көптеген театрландырылған көріністер мен әдеби-музыкалық кештер, пьесалар мен спектакльдер бар" [4].

Біздің "Bilte akademy" ұжымы жуырда жаңа бір жоба ойластырып жатырмыз. Рас, ауылды жердің мәдениетін жандандырудан қалада жүрген ел ұтылмайды. Осыншама театр ашылған екен, кәсіби маман емес, ішінен құдай берген таланты түрткілеп, тыныш жатқызбай сахнаға сүйрелеп әкелді оларды. Тіпті режиссерлары да маман болмауы мүмкін. Енді солардың білімін жетілдіретін бір орталық керек қой. Методикалық көмек беретін, драматургиясын ұсынатын.

Осы мәселелерді айта келе халық театрлар режиссерларының білімін жетілдіретін курс ашып, оларға кітапшалар, пьесалар басып, сертификаттарын беріп, кәсіби режиссерлардан, театр суретшілерінен, өнертану мамандарынан дәріс беріп, Алматы театрларының шеберханаларымен таныстырып отырсақ деген мақсат бар. Ол ұстаздар бар, ондай мүмкіндік жасау қолдан келеді. Енді соны қаржыландыру, оларды білім жетілдіруге шынымен де өнерге деген жанашырлықпен жіберіп отыратын басшылар мәселесін шешу керек.

Иммерсивтік феномені (ағылш. immersive – «әрекетке араласу эффектісін тудыру, тереңіне үңілу») – қазіргі көрермен көңілін аулайтын алып индустрияның тренді. Ол квест (quest — «ізденіс, ізду құралы мен мақсаты, шытырман оқиға, рыцарлық серттің орындалуы») — фольклорлық сюжет құрудың бір тәсілі) немесе компьютерлік ойын секілді көрерменді тұңғыыққа тартып алу амалдарын іздестіру. Қашанда сахна мен экранда болып жатқан оқиғаның көрермен бір бөлшегі. Тек иммерсивтік театр бағыты көрермен үнсіз қадағалап, қатысушы емес, бірге ойнаушы ретінде өзін сезіндіру. Ол кеше ғана пайда болған жаңалық емес. Шекспирдің «Бүкіл әлем театр, адамдар соның актеры»- дегенін жүзеге асыру идеясы баяғыдан мақсат болған. Көрерменді белсенді қатысушы жасау керек деген ой тіпті Жан Жак Руссо, Ромен Роллан деген кемеңгерлердің де көпшілік сахналары мен алаңдағы қойылымдар туралы жазбаларында кездеседі. Мейерхольдтың бір спектаклінде көрермен залына

актерды отырғызып қойып, оқиғаға сол арадан араласып кеткен. Ондай көрерменді ойынға қосу әрекеті көп: жаудан азат етілген елге тұра ұмтылған жауынгерлер «ой, бауырымдап» көрерменмен көрісіп, бетінен сүйіп еңіреген, көрерменге алма таратқан, көрерменді сахнада дастархан жоюға көмекке шақырып, нан туратқан...

Иммерсивті қойылымдар, сол бағыттағы театр қазір таң емес. Мазмұны елге мағлұм шығармалардың жаңа шешімі, күтпеген финалы кездесіп жатыр сахнада. Бұл ізденіс, маркетинг, ілгері қозғалу. Қазіргі кезде танымал режиссер шәкіртім Фархат Молдағалиев қойылымдары осындай жаңашылдыққа құмар, ізденіс, талпыныс нәтижесі. Көрермен "Мынауы несі? Не айтпақ еді? Түк ұқпадым" - дегеннен аулақ, түсініксіз, мазмұнсыз, мағынасыз эксперимент емес ол.

Біз әлі де театрал ел емеспіз. «Осы актердың ойынын көрсем, мына режиссердың қойғанын көрсем»- деген көрермен аз әлі. Көрермен тарту, театр насихаты, маркетингі баяу. Балаларды көбіне ертегімен ғана алдап жүрміз. Оның өзі балаларға арналған қойылымның коммерциялық мақсатын ғана орындап жатыр. Балаға театрсүйгіштік дарыта алмай жүрміз.

Студент кезімде Балтық жағалауы еліне бардым. Немересін театрға алып келген оқымысты бір ағаны кездестіріп, ол менің Қазақстаннан екенімді естігенде:»Сіздер ер жүрек ұлтсыздар!-деп, әлі ызғары кетпеген желтоқсандағы оқиғаға баға берді. Сосын немересін театрға әкелу себебін айтты: «Біз баланы «Сен Латышсың, сенің Отаның бар, сені қорғайтын мемлекетің бар, сенің ұлтыңды әлемге танытқан өнерің бар» - деп, бала кезінен галерея, музей, театрға апарып, таныстырамыз. Әрине, ертегіден бастаймыз. Бірақ, өмір тек ертегіден тұрмайды, драманы, трагедияны да көрсетем»... Осы сөз жадымда қалып қойды.

"Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім" - деп Абай әуел баста ұрпақ тәрбиесін, оның оқу білімнен не алу керектігін бізге меңзеп кеткен. "Президент болсын, сот, таможник, нефтяник болсын!" - деп емес, өнер, білім үйренсін деп берер болар.

Тұңғышбай ағамыз басшылық етегін «Қазақстан театр қайраткерлері одағы» келер жылы режиссерлар фестивалі мен халық театрлар фестивалін өткізуді жоспарлауда. Бұл бір жақсы бастама. Әсіресе халық театрларының Республикалық байқауы деген арнайы оқу оқымай сахнаға ұмтылған әуесқой өнерпаз үшін таптырмайтын мүмкіндік! Бір-бірін көреді, кәсіби мамандармен кездесу, үйрену, пікір алысу деген олар үшін үлкен мектепке тең.

Ендігі кезекте балаларға арналған драматургия конкурсын өткізіп, нәтижесін балаларға арналған спектакльдер фестивалі жасаса ғажап болар еді. Ертегіден басқа да балаларға арналған қойылымдар сахна өнеріндегі бар жанрды қамтыса деген талаппен өтсе ол фестиваль!

Қолданылған дереккөздер:

1. https://nege.kz/news/madeniet/han_taniri_halik_teatri_korermermenmen_kaita_kauishti_20201029084214
2. <https://qazaqtimes.com/kk/article/81258>
3. <https://www.ucheba.ru/for-abiturients/speciality/52036>
4. <https://egemen.kz/article/176604-khalinh-qalay-khalyq-teatry>
5. <https://youtu.be/pLxHNwYjqhE>
6. <https://youtu.be/og8TRWB0cHk>

ФОРМИРОВАНИЕ УЧЕБНЫХ УМЕНИЙ В МЛАДШЕМ ШКОЛЬНОМ ВОЗРАСТЕ ПОПРЯДУХИНА Наталья Григорьевна

Орский гуманитарно-технологический институт (филиал) ОГУ

Орск, Россия

Aple_orsk@mail.ru

Түйін

Ұсынылған мақалада бастауыш мектеп жасындағы студенттердің оқу дағдыларын қалыптастыру мәселесін теориялық және практикалық-бағытталған зерттеу қарастырылған.

Аннотация

В представленной статье рассматриваются теоретические и практико-ориентированное изучение проблемы формирования учебных умений обучающихся младшего школьного возраста.

Annotation

The presented article discusses the theoretical and practice-oriented study of the problem of the formation of educational skills of students of primary school age.

Начало обучения в школе – это переломный момент в жизнедеятельности ребенка. Отличительная особенность положения ученика, школьника состоит в том, что его учеба является обязательной, общественно значимой деятельностью. За нее он несет ответственность перед учителем, школой, семьей. Жизнь ученика подчинена системе строгих, одинаковых для всех школьников правил. Ее основным содержанием становится усвоение знаний, общих для всех детей.

Процесс формирования у учащихся умений учения и труда осуществляется во взаимосвязи с воспитанием мотивации учения. Исследователи мотивов учения установили, что положительная мотивация благотворно влияет на овладение школьниками способами учебно-познавательной деятельности. Обнаружено также, что способы учебно-познавательной деятельности являются не только средствами удовлетворения познавательной потребности, но и сами становятся ими. Любое умение, тем более сложное, не создается каждый раз заново со всеми его компонентами, а формируется на основе переноса уже имеющихся знаний, представлений и навыков, приспособлявая их к новым условиям и заново формируя лишь те их элементы, которых недостает в этих новых условиях.

Умения нельзя ни противопоставлять знаниям и навыкам, ни располагать при перечислении раньше, как это часто делается, так как умения образуются лишь на их основе. Но умение включает и понимание взаимоотношений между целью данной деятельности, условиями и способами ее выполнения. Потому-то в психологическую структуру умений входят не только навыки, но и знания, и творческое мышление [4].

Познавательная активность ребенка, направленная на обследование окружающего мира, организует его внимание на исследуемых объектах довольно долго, пока не иссякнет интерес. Если семилетний ребенок занят важной для него игрой, то он, не отвлекаясь, может играть два, а то и три часа. Так же долго он может быть сосредоточен на продуктивной деятельности.

Одна из главных их особенностей учебных умений младших школьников - наблюдательность, умение замечать такие незначительные детали, на которые не обратит внимание взгляд взрослого человека [2]. Часто школьники находят опечатки в своих учебниках, оговорки в словах учителя, логические нестыковки в книгах и рисунках. Развитию учебных умений способствуют вопросы, направленные на анализ текста, рисунков, макетов, предметов действительности, заданий.

Другой особенностью учебных умений младших школьников являются их аккуратность и исполнительность. При постановке учебного процесса они не признают никаких погрешностей, не отступают от намеченного плана. Они готовы отказаться от всего, главное чтобы эксперимент удался. Таким образом младшим школьникам свойственно самопожертвование ради науки. Необходимо поощрять это стремление. Это может делать как учитель, так и родители.

Младшие школьники в процессе выполнения учебных заданий проявляют особое трудолюбие, настойчивость и терпение. Они способны отыскать и прочесть кучу книг на интересующую их тему [5].

Следующей характеристикой учебной деятельности учеников младших классов является недостаточность знаний навыков для правильного оформления своих мыслей, результатов исследования. У детей этого возраста еще не очень хорошо развиты навыки письменной речи. Они не умеют грамотно составлять тексты, допускают орфографические и стилистические ошибки. У младших школьников энергично крепнут мышцы и связки, растет их объем, возрастает общая мышечная сила. При этом крупные мышцы развиваются раньше мелких. Поэтому дети более способны к сравнительно сильным и размашистым движениям, но труднее справляются с движениями мелкими, требующими точности. Если учесть эти обстоятельства, становится понятным то, что не следует перегружать ребенка, особенно 1-2 класса, письменной работой в исследовании, опять же в связи с тем, что у него будет откладываться в памяти лишь негативный отпечаток от этой работы [4]. Никакого удовлетворения от исследования ребенок не получит. Поэтому ребятам на первых этапах, на этапах включения в исследовательскую деятельность необходима помощь взрослых - учителей, родителей, старшеклассников.

В младшем школьном возрасте происходит рост стремления детей к достижениям. Поэтому основным мотивом деятельности ребенка в этом возрасте является мотив достижения успеха [3]. Иногда встречается другой вид этого мотива - мотив избегания неудачи.

Таким образом, младший школьный возраст - благоприятный период для вовлечения учащихся в учебно-исследовательскую деятельность. У ребенка появляются такие психологические

новообразования как умение учиться, понятийное мышление, внутренний план действий, рефлексия, новый уровень произвольности поведения, ориентация на группу сверстников.

Нами была проведено диагностическое обследование учебных умений младших школьников по трем методикам:

- методика «Диагностика универсального действия общего приема решения задач» (по А. Р. Лурия, Л. С. Цветковой);
- методика «Проба на внимание» (П. Я. Гальперин и С. Л. Кабыльницкая);
- методика «Исследования навыков чтения».

